

«Бекітілді» _____
КМҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасы
№1 педагогикалық кеңесте
26 тамыз 2021 жыл
Шешімі негізінде №67 бұйрық

**2021-2022 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқу бағдарламасын
іске асыру бойынша жылдық перспективалық жоспары
Ересек №1 «Жұлдыз» тобы**

Ересек топ «Өтпелі» тақырыптар

№	Айлар	Тақырыптар	Апталық тақырыптары
1	Қыркүйек	«Балабақша»	1. Менің балабақшам 2. Менің отбасым 3. Менің ауылым 4. Менің достарым
2	Қазан	«Мен және қоршаған орта»	1. Күзгі табиғат 2. Күзгі гүл шоқтары 3. Күзгі жапырақтар 4. Жомарт күз
3	Қараша	«Жыл құстары»	1. Құстардың түрлері 2. Үй құстары 3. Дала құстары 4. Қыстап қалатын құстар
4	Желтоқсан	«Жайнай бер, Қазақстаным!»	1. Елін сүйген - Елбасы 2. Менің Қазақстаным 3. Менің туған өлкем 4. Қош келдің, Жаңа Жыл
5	Қаңтар	«Қыс қызығы »	1. Алғашқы қар 2. Аққала 3. Алақай, қыс келді! 4. Қысқы ойындар
6	Ақпан	«Жануарлар әлемі»	1. Аңдардың қысқы тіршілігі 2. Ұйықтайтын аңдар 3. Үй жануарлары 4. Теңіздер мен мұхиттар
7	Наурыз	«Өнер көзі - халықта»	1. Аналар-асыл жандар 2. Халық өнері 3. Армысың, Наурыз! 4. Салт-дәстүр
8	Сәуір	«Табиғат әлемі»	1. Табиғатпен танысу 2. Ғарышқа саяхат 3. Көктем келді 4. Көктемгі егістік
9	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін!»	1. Ұлттар достығы 2. Майдангерлер 3. Қуаныш пен сүйіспеншілік 4. Жаз да келді көңілді

Ересек топ 2021 жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: табиғатпен таныстыру, экологиялық тәрбие, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру, отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Отбасы, отбасындағы тұрмыс және халықтық дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейте отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
2. Танымдық-конструктивтік ойлау дағдыларын жан-жақты қалыптастыру;
3. Қоршаған ортадағы әсемдікті сезіне отырып, өз ойларын айта білуге, қиялдарын дамытуға ықпал жасау;
4. Отбасындағы салт-дәстүрлерді құрметтей отырып, рухани адамгершілік құндылықтарға баулу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта	«Менің балабақшам»	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жүру» Мақсаты: 1.Тапсырманы орындай отырып, бір бірлеп және шашырап жүгіруге жаттықтыру. 2.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3. Қолдарымен еденге сүйеніп, шығармашылыққа еібектеп кіру; тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Екі аяқпен секіріп тұру» Мақсаты: .Кіші тірек алаңқайында тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету. 2.Ойындары ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. 3.Алға қарай екі аяқпен секіріп жүруге үйрету; кішкентай допты еденге ұру және жоғарыға қарай лақтырып, оны қағып алу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бір орыннан ұзындыққа секіру» Мақсаты: 1. Бір орыннан ұзындыққа секіруге үйрету. 2. Технологиялық картадан тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл қозғалыс ойындарын үйрету. 3. Жоғарыға қарай лақтыруға және оны қағып алуға жаттықтыру; бір бағытта бүкіл топ мүшелерімен бірге жылдам жүгіруге жаттықтыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бау-бақшада, бақтарда» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көкөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді енгізу. Сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу. Еңбексүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Біздің балабақшада» Мақсаты: Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Мой детский сад» Цель: Научить детей слушать, запоминать и правильно произносить русскую речь, формировать навыки понимания и восприятия названий некоторых предметов быта, правильно ставить ударение в словах при произношении. Игра: «Найди нужную комнату?»	Математика негіздері Тақырыбы: «Бір және көп, көп заттарды салыстыру және арасындағы сәйкестіктерді орнату. Үлкен және кіші. Шеңбер (өзге фигуралардың арасынан табу)» Мақсаты: Заттарды санына қарай салыстыру, бір зат пен көп затты айыру қабілетін нығайту; санаудың дұрыс тәсілдерін қолдана отырып, заттарды санау (2 саны көлемінде); солдан оңға қарай санау, сандарды ретімен атау, сан есімді зат есіммен сәйкестендіру; екі топтағы заттарды бір-бірімен салыстыру, Жаратылыстану Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат» Мақсаты: Жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Орамалды әшекейлеу» Мақсаты: Ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту. Балаларды шаршының ішіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру. Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің бірі «омыртқамен» таныстыру, оның суретін салу жолдарын меңгерту, эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Өннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату. «Мен бақшаға барамын» Т.Тайбеков. Ф.Оңғарсынова. «Білім күні» М.Дауылбаев.Т.Ғалиев. Музыка Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Өннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату. «Мен бақшаға барамын» Т.Тайбеков. Ф.Оңғарсынова. «Білім күні» М.Дауылбаев.Т.Ғалиев. Жапсыру Тақырыбы: «Достарыма арналған үй» Мақсаты: а) Қайшымен дұрыс жұмыс жасауға үйрету; ә) Шығармашылық қабілеттерін дамыту; б) Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	

2 апта	Менің отбасым	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тепе теңдік» Мақсаты: 1. Тепе теңдікті сақтап жүруге үйрету. 2. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету; балалардың зейінін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру» Мақсаты: 1. Қырымен жіптің үстімен аттап секіру. 2. Жылдамдылық және ептіліктерін дамыту. 3. Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру; Жүрумен кезектестіре жүгіруді жетілдіру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әжемнің аулына қонаққа бару» атты спорттық іс шара Мақсаты: 1. Үй жануарлармен таныстыру. 2. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. 3. Балалардың зейінін дамыту; қимылқозғалыс тәжірибесін дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ бізге қонаққа келді» (ойыншықты суреттеу арқылы әңгіме құрау) Мақсаты: Тәрбиешінің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу білігін жетілдіру. Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгертуге баулу. Эстетикалық талғамын арттыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Кел, балалар, оқылық!» Мақсаты: Қазақтан шыққан тұңғыш педагог Ы.Алтынсарин өмірі және оның шығармашылығы жайлы білімдерін қалыптастыру. Өлеңді жатқа айтуға үйрету. Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Саны 3-ке, 4-ке тең заттарды салыстыру, заттарды санау. Жыл мезгілдері (күз). Оң жақта, сол жақта.» Мақсаты: 4 көлеміндегі заттарды санауға үйрету; үлгі бойынша санау, екі топтағы заттарды теңестіру, жыл мезгілдері (күз) туралы түсінігін нығайту; заттың орналасу ретін сөзбен баяндай алу қабілетін нығайту; қағаз бетінде бағдарлай алу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Дастарқанға нан қайдан келеді?» Мақсаты: Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту. Балалардың білімге құштарлығын, зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту. Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу Құрастыру Тақырыбы: «Үй тұрғызамыз» Мақсаты: Көп қабатты үйлер мен ғимараттар туралы балалардың білімдерін кеңейтіп, педагогтың ұсынған шарты бойынша құрастыруға, құрылыс материалдарын таңдай отырып көп қабатты үй құрастыра білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Қандай заттың пішіні дөңгелекке ұқсайды?» Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды үйрету; екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді; шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Атамның киіз үйі» Мақсаты: Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін ұғындыру. Мүсіндеу Тақырыбы: «Алма мен алмұрт» Мақсаты: а) Екі алақанның ортасына салып домалату тәсілі арқылы алманы мүсіндеуге үйрету; ә) Бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту; б) Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейте отырып, өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету.
--------	---------------	--	--	---	---	---

3-апта	Менің ауылым	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Баскетбол ойынының элементтері» Мақсаты: 1. Допты екі қолмен қағып алуға үйрету. 2. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру 3. Допты еденге соғуға жаттықтыру; жүргізушіні ауыстырып, түрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Допты домалату» Мақсаты: 1. Шашырап жүруге және жүгіруге үйрету; 2. Жылдамдылық және ептіліктерін дамыту. 3. Бір бағытты ұстап, бір біріне допты домалату; доғаның астына еңбектеп ену. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Допты домалату» Мақсаты: 1. Шашырап жүруге және жүгіруге үйрету; 2. Жылдамдылық және ептіліктерін дамыту. 3. Бір бағытты ұстап, бір біріне допты домалату; доғаның астына еңбектеп ену.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:» Ит және оның кішкентай күшкітері» Мақсаты: Тәрбиешінің үлгісі бойынша балалардың сурет мазмұнына қарай әңгіме құру білігін жетілдіру. Бала бойында сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға үйрету. Орыс тілі Тема: Мои любимые игрушки Цель: Развивать понимание речи детей. Активизировать словарь, учить детей по словесному указанию, находить предметы по описанию и цвету. Воспитывать чувство сопереживания, бережное отношение к игрушкам, аккуратность. Развивать мелкую моторику рук. Дидактическая игра:«Собери картинки и назови» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ойыншықтар» Мақсаты: Өлең мәтінін түсініп, жатқа айта білуге үйрету. Ойыншықтардың түрлерін ажырата білуге баулу. Ой-өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті анықтау. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршыны көптеген фигуралардың арасынан табу.» Мақсаты:Сан мен заттың санының арасындағы сәйкестікті анықтау; заттарды санау қабілетін нығайту (5 саны көлемінде); заттарды көлеміне қарай (үлкен, кішірек, кішкентай) салыстыруға және сол сөздерді сөйлеу барысында қолдануға үйретуді жалғастыру; заттардың ұқсас белгілерін (көлемі) анықтап, оларды сол белгілері арқылы біріктіруге үйрету; Жаратылыстану Тақырыбы: «Мол өнім» Мақсаты: Көгеністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Жолақтағы (жолақшадағы) ою элементтері» Мақсаты:Қазақ оюларының суретін салу тәсілдерімен таныстыру; қолданатын бұйымдарды ою-өрнектермен безендіру жолдарын геометриялық фигуралар салу арқылы көрсету; үзік сызықтарды қосу арқылы қандай бейне шығатынын білдіру, балалардың көркемдік талғамын дамыту. Әдемілікті сезіне білуге, әдептілікке тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы:«Күз - жомарт» Мақсаты:Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. Музыка Тақырыбы:«Күзгі орман» Мақсаты:Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру. Жапсыру Тақырыбы: «Піскен алмалар» Мақсаты: а) Балаларды қайшымен дұрыс жұмыс істеуге, қағазды бөлшектеп жырту арқылы ағаш бейнесін жасай алуға үйрету; ә) көркемдік талғамдарын дамыту; б) қағаздарды ретімен пайдалана білуге тәрбиелеу.	
--------	--------------	--	--	---	---	--

4-апта	Менің достарым	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қапшықты нысанаға лақтыру» Мақсаты: 1. Қапшықты нысанаға лақтыруды үйрету. 2. Көзбен мөлшерлей білуді үйрету. 3. Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар» Мақсаты: 1. Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балаларды топтасып ойнауға үйрету. 2. Қоршаған орта туралы көзқарастарын кеңейту және тереңдету. 3. Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шыбынбике-Шыбынгүл» Мақсаты: 1. Қ. Мырза Әлидің аудармасы бойынша жазылған «Шыбынбике Шыбынгүл» ертегі өлеңін үзінді жаттату. 2. Адамгершілік қасиеттерін дамыту. 3. Арқан арқылы секіруге жаттықтыру;өз өзін уқалауға жаттықтыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Масак» украин халық ертегісі Мақсаты:Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету, өз ойларымен бөлісе білуге талпындыру. Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой алдырмауға баулу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Күзде» Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді тындап,өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Үлгі бойынша санау, сандарды салыстыру (4 және 5). Тәулік бөліктері. Сол жақта, ортада, оң жақта.» Мақсаты:Заттарды дұрыс санауға үйретуді әрі қарай жалғастыру (5 саны көлемінде); екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету; саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосуды үйрету; саны жағынан бірдей, бірақ әртүрлі заттардан құралған топтар арасындағы теңдікті анықтау; тәулік бөліктері туралы білімін нығайту; заттардың орналасуын сөзбен баяндауға үйрету (сол жақта, ортада, оң жақта). Жаратылыстану Тақырыбы: «Қанатты достар» Мақсаты: Қыстап қалатын құстар мен жыл құстары туралы жинақталған түсініктерін қалыптастыру. Құстардыңдене құрылысы туралы ұғымдарын кеңейту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Құстарға ізгі көзқарастарын тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Жүзім» Мақсаты: қағазбен жұмыс жасауға үйрету, қағазды умаждау арқылы жүзімді құрастыра білуге үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Не салғым келсе, соны саламын». Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл күйін бейнелей білуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы:«Балдырғандар әні» Мақсаты:Балаларды Отанын, жерін сүйуге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Өнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. Мүсіндеу Тақырыбы: «Бақшадағы қызанақ пен кияр» Мақсаты: а) Балаларға көкөністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету; ә) Қол бұлшық еттерін, ойлау қабілеттерін дамыту; б) Жұмыс барысында тазалыққа, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің балабақшам» Мақсаты: балабақша ішінде орналасқан бөлмелер мен кабинеттерді салыстыруға үйрету. Балабақша бөлмесінде, аулада еркін бағыт-бағдар жасау, топ бөлмесінде және тұрмыста заттарды дұрыс қолдану іскерліктерін жетілдіру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
--------	----------------	---	--	--	---	--

Ересек топ 2021 жыл қазан айы
Өтпелі тақырып «Мен және қоршаған орта»

Мақсаты: күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайларымен (оңтүстік пен молтүстіктегі күзгі ауа райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру: ерте күз, алтын күз, кеш келген күз-астық өнімін жинау мезгілі.

Міндеттері:

1. Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
2. Қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;
3. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
4. Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта	Күзгі табиғат	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Доппен жұмыс» Мақсаты: 1. Бірбіріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету. 2. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. 3. Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бөрененің үстінде жүру» Мақсаты: 1. Допты жоғары лақтыру, екі қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. 2. Жылдамдылық және ептіліктерін дамыту. 3. Бөрененің үстінде жүріп жаттығу; бөрененің үстінде аяқтың ұшымен жүру Дене шынықтыру Тақырыбы: «Белгі бойынша тоқтап, жүру және жүгіру» Мақсаты: 1. Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап, жүруге және жүгіруге үйрету. 2. Лақтыру күшін және қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру; заттар арасында еңбектеп жүруге жаттықтыру; 3. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді үйрету; белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «З» және «с» дыбыстары» Мақсаты: Балаларға «З» және «с» дыбыстарының дұрыс жазылуын көрсету және түсіндіру. Барлық дауысты және дауыссыз дыбыстардың анық, таза, әрі түсінікті дыбыстап айта білу біліктерін дамыту. Ізгі сөздерді күнделікті айта білуге дағдыландыру, үнемділікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жапырақтар». Мақсаты: Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін қалыптастыру. Табиғат әсемдігін көре білуге, әңгімелеуге баулу. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Осень» Цель: Показать детям - что осень прекрасное время года. Закрепить знания о некоторых характерных особенностях времени года путём применения игровой формы обучения. Воспитывать бережное отношение к природе, заботиться о ней. Дид-я игра: «Танец листочков»	Математика негіздері Тақырыбы: «Сол жақта, ортада, оң жақта. Шеңбер, шаршы туралы өткенді пысықтау.» Мақсаты: Өзіне қатысты тұрғыда заттардың кеңістікте орналасуын анықтай білу дағдыларын бекіту (оң жақта, сол жақта, ортасында); геометриялық фигуралардың орналасу ретін түсіндіру; 1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру; үлгіні пайдалана отырып, 1 санын жазып үйрету; 1 цифрын өзге сандардың арасынан табу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аяғы бар қалпақтар» Мақсаты : Саңырауқұлақтардың 2-3 түрін ажырату және атай білу дағдысын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарым – қатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Үлкен және кішкентай сәбіз» Мақсаты: Сәбіздің суретін сала білуге үйрету. Балалардың сопақша пішіннен бейне жасау, бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту, түстер мен ығрақты сезіне білуге үйрету. Сурет салуда батыл қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеу Музыка Тақырыбы: «Күз байлығы» Мақсаты: Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Өннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету. Музыка Тақырыбы: «Біздің Алматы» Мақсаты: Өуеннің ырғақ екіпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Өнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту. Жапсыру Тақырыбы: «Шалғындағы саңырауқұлақтар» Мақсаты: а) Саңырауқұлақтарды қиып құрастырып жапсыруды үйрету; ә) Композиция құру дағдыларын дамыту; б) Іскерлікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	

2 апта	Күзгі гүл шоқтары	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аттап жүру» Мақсаты: 1. шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру. 2. Жылдамдылық және ептіліктерін дамыту. 3. Көлбеу қойылған баспалдыққа міну арқылы білте таяқшаны дұрыс ұстауға үйрету; кесек ағаштан аттап жүруге үйрету (ауыспалы қадам) Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аттракциондар» Мақсаты: 1.Технологиялық картадан тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл қозғалыс ойындарын үйрету. 2. Ойын барысында ынтымақтастыққа баулу; жылдамдық және ептіліктерін дамыту. 3. Ойын ережелерін сақтауға үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Музыкалық ырғақты жаттығулар» Мақсаты: 1.Бір қалыпты (баяу) жартылай отыруды және жеңіл секірулерді үйрету. 2. Белгіге жауап беру білігін дамыту. 3. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді үйрету; белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көжекпен ойналық» Мақсаты: Сөйлемді толық құрауға, етістік сөздерді қолдана білуге үйрету, дыбысты анық айтуға дағдыландыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншілігін оятуға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ойдан шыққан әңгіме». Мақсаты: Балаларды қиял арқылы ойдан әңгіме құрауға үйрету. Тілдерін дамытуға. Өз ойларын жеткізе білуге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Балалардың 1 цифры туралы білімін бекіту. Тез-баяу. Үшбұрыш (өзге фигуралардың арасынан табу).» Мақсаты: 1 цифры туралы өткенді пысықтау; цифрды заттың санымен салыстыруға үйрету; жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету; «тез», «баяу» түсініктері туралы білімдерін пысықтау; таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыру және оларды сол белгілеріне қарай біріктіру; үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаштар мен бұталар» Мақсаты: Табиғаттың жанды нысандары туралы түсініктерін жүйелеу. Балабақша аумағындағы және жақын маңайдағы өсімдіктерді (ағаштар мен бұталар) ажырату және атай білу дағдыларын дамыту. Өсімдіктер әлеміне қызығушылығын тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Үйшік» Мақсаты: үйшік құрастыру арқылы үйшіктің бір және бірнеше бөліктерден тұратынын түсіндіру, таныстыру. Қағаздан үйшікті құрастыра білуге үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Күзгі табиғаттан алған әсерлерін қағаз бетінде бейнелеу. Күзгі ағашты, оның бөліктерін анық етіп салуды үйрету. Ағаштың діңін төменнен жоғары қарай жіңішкеретінін, яғни жоғары жағы жіңішке, төмен жағы жуан болатынын айту, бұталарын, жапырақтарын көлденеңнен салып үйрету, саусақ қимыл қозғалыстарын еркін пайдалану, сызықтарды бағыл жүргізу, түстердің үйлесімдігін сезінуге, заттың пішінін ұқсата салуға үйрету. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Менің Отаным» Мақсаты: Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелесу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Жолдағы кірпі» Мақсаты: а) Қалдық материалды пайдалана отырып кірпіні мүсіндеуге үйрету; ә) Қол моторикасын дамыту; б) Баланы шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Мені қоршаған орта» Мақсаты: Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. Дид-қ ойын: «Не қайда тұрады?»
--------	-------------------	--	--	---	---	---

3-апта	Күзгі жапырақтар	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Музыкалық ырғақты жаттығулар» Мақсаты: 1. Бір қалыпты (баяу) жартылай отыруды және жеңіл секірулерді үйрету. 2. Белгіге жауап беру білігін дамыту. 3. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді үйрету; белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Командалық ойындар» Мақсаты: 1. Ойындар ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымдық қимыл әрекеттердің үйлесімділігін дамыту. 2. Ұжым болып әрекет етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. 3. Шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Командалық ойындар» Мақсаты: 1. Ойындар ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымдық қимыл әрекеттердің үйлесімділігін дамыту. 2. Ұжым болып әрекет етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. 3. Шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерімнің туған күні» Мақсаты: Балалар ойыншық туралы әңгіме құруға, өз ойларын толық сөйлемдер арқылы жеткізе білуге үйрету. Әңгіме құрастыруды үйрету арқылы шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу. Ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Эстетикалық талғамын арттыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Суретші бол». Мақсаты: Берілген тапсырмадағы суретті бояй білуге үйрету. Түстерді ажырата білуге баулу. Әдемілікке, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Овощи» Цель: Уточнить представление детей об овощах и фруктах; - Формировать представление детей о необходимости организму витаминов; - Формировать умение классифицировать (<i>овощи, фрукты</i>); - Развивать театральные способности, речь детей (<i>инсценировка</i>); - Развивать мышление; - Воспитывать интерес к природе. Составление словосочетаний, предложений из 2-3 слов. Дид-я игра: «Узнай по вкусу»	Математика негіздері Тақырыбы: «2 саны және цифрымен танысу. Қысқа, ұзын. Сопақша (көптеген фигуралардың арасынан табу).» Мақсаты: 2 саны және оған сәйкес 2 цифрымен таныстыру; 2 цифрынның сандар қатарындағы орнын анықтау; 2 цифрын өзге цифрлардың арасынан таба алу қабілетін нығайту; өзіне таныс заттарды көлеміне, ұзындығына қарай (ұзын, қысқа) салыстыра алу дағдыларын дамыту; геометриялық фигура – сопақша туралы өткенді пысықтау, оны өзге фигуралардың арасынан табу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын жапырақ төккен күз» Мақсаты: Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуі) бақылау, бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне түсіре білу дағдыларын қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылықтарын ояту. Достық қарым-қатынастарын, табиғатқа деген қамқор көзқарасын тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Дәмді алмалар» Мақсаты: Алманың суретін сала білуді үйрету. Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық, тегіс бояуға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Күз байлығы» Мақсаты: Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Музыка Тақырыбы: «Күз дыбыстары» Мақсаты: Музыканың дыбыс жоғарылығын, өзіне таныс әндерді ажырата білу қабілетін дамыту. Жапсыру Тақырыбы: «Банкадағы қияр мен қызанақ» Мақсаты: а) Домалақ және сопақ пішіндерді қағаздан қиып қызанақ пен қияр бейнесін құрастырып жапсыруды үйрету; ә) Саусақ икемділіктері мен зейіндерін дамыту; б) Жасаған жұмыстарын аяғына дейін бітіруге тәрбиелеу.	
--------	------------------	--	--	--	---	--

4-апта	Жомарт күз	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Лақтан қайтадан адамға айналу үшін Иванушкаға көмек береміз!» атты спорттық мереке Мақсаты: 1. Балаларды еңбектеп жүруге үйрету. 2. Шапшандық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. 3. Көлбеу жазықтылықтың үстінде жүруге үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бөрене үстінде еңбектеу» Мақсаты: 1. Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіруге үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді- шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Оң және сол қолмен құм толтырылған қалташаны алысқа дұрыс лақтыру дағдыларын дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бөрене үстінде еңбектеу» Мақсаты: 1. Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге және шеңбер бойымен жүгіруге үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді- шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Оң және сол қолмен құм толтырылған қалташаны алысқа дұрыс лақтыру дағдыларын дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Әңгімеле... Мақсаты:Балаларды тәрбиешінің үлгісі бойынша ойыншықтар жайлы шағын әңгімелерді бейнелеп айта білуге үйрету. Хабарлы сөйлемді қолдану арқылы өз ойларын дұрыс жинақтап, қысқаша әңгіме құрай білуге үйретуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Ойыншықтармен дұрыс ойнай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Не деу керек?» Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын түсіну. Баланың ой-өрісін дамыту. Балаларды имандылыққа, мейірімділікке, кішіпейілдікке тәрбиелеу, әдептілікке баулу.	Математика негіздері Тақырыбы: «2 цифры туралы білімдерін бекіту. Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Алыс - жақын.» Мақсаты:2 цифры туралы алған білімдерін бекіту; цифрды заттың санымен сәйкестендіре білуге үйрету; жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешу; 1, 2, 3 цифрларын заттың санымен салыстыруды әрі қарай жалғастыру; «алыс», «жақын» ұғымдарын мағына жағынан айыра білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын күз келді!» Мақсаты:Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету. Қарапайым дербес тәжірибе әрекетін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Құрдастарына достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Әдемі гүл» Мақсаты: балаларға шаршы қағаздарды қиғаш және тең екі бөлікке бөктеуді үйрету. Олардың қолданылуы туралы түсінік беру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, саусақтарының икемділіктерін арттыру, гүлдер туралы білімдерін толықтыру, ағаштарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Алма бағы» Мақсаты: Алма ағашының суретін сала білуге үйрету. Алма ағашының құрылысына, ерекшелігіне сәйкес оның бөліктерін, бір-біріне қатынасын дұрыс бере білуді үйрету. Ағаш діңін қылқаламмен бастыра сызу және жапырақтары мен алмаларын әдемі бояуға жаттықтыру. Көріністі қабылдауын дамыту, түстер мен ырғақты сезіне білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Күз дыбыстары» Мақсаты:Музыканың дыбыс жоғарылығын, өзіне таныс әндерді ажырата білу қабілетін дамыту. Музыка тындау, ән үйрену, әуенді-ырғақты қимыл, ойын: «Саусақ сезімін оят» Мүсіндеу Тақырыбы: «Кірпінің жанұясы» Мақсаты:а) Қалдық материалды пайдалана отырып кірпіні мүсіндеуге үйрету; ә) Қол моторикасын дамыту; б) Ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тарбиелеу	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Менің елім – Қазақстан» Мақсаты: Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, Мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба, Гимн туралы білімін қалыптастыру. Міндеттері: - Қазақстан Республикасының астанасы және мемлекеттік рәміздері туралы білім беру; - Отанымызға және оның мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімдерін дамыту; - Отанымызға және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.
--------	------------	--	--	--	--	---

Ересек топ 2021 жыл қараша айы

Өтпелі тақырып «Жыл құстары»

Мақсаты: Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру. Еңбексүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Құстарға қамқорлықпен қарап, күтім жасауға тәрбиелеу

Міндеттері:

- құстардың тіршілігі туралы түсіндіру;
- Білімдерін жүйелі түрде көресете алуға баулу,
- есте сақтау қабілетін, сөйлеу мәнерін дамыту;
- балалардың көргендерін өз бетінше айтуға үйрету;
- қиялын дамытып, қабілеттерін шыңдау;
- әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу;

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта	Құстардың түрлері	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сылдырмақтар» ойыны Мақсаты: 1. Нұсқаушының белгісі бойынша бағытты ауыстырып жүру және жүгіруге жаттықтыру; «Сылдырмақтар» ойынының шартын түсіндіру. 2. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Еңбектеуге және еденге қырымен тұрған баспалдақ таяқшалардың арасынан еңбектеп өтуге жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Орындыққа орындалатын жаттығулар» Мақсаты: 1. Тепе теңдікті сақтау қабілетін дамыту. 2. Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту. 3. Қимыл – қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Оң және сол қолмен лақтыру» Мақсаты: 1. Көлденең қойылған нысанаға затты лақтыруға үйрету. 2. Балаларды зерек болуға және бір біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету. 3. Бір орында тұрып ұзындыққа секіруге үйрету; көзбен мөлшерлей білу дағдысын және қимыл қозғалыс үйлесімділігін дамытуға ықпал ету; кеңестікте бағдарлану білігін қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Кішкентай бағбан» (М.Төрежановтың әңгімесін әңгімелеу) Мақсаты: Мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балалардың есім мен зат есімнен туған сөздердің дыбысталуына қарай көңілдерін аудару. Тілдік қорын байыту, дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құмырсқа мен көгершін». Мақсаты: Әңгіменің мазмұнын түсіну. Сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу. Жаксылық жасауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тақырыбы: «Фрукты» Мақсаты: Учить детей называть, продукты питания, овощи и фрукты. Учить правильно питаться, соблюдать гигиену рук. Воспитывать культуру поведения за столом. Совершенствовать умение детей связно рассказывать по теме. Развивать интерес детей познавать окружающий мир. Пополнить словарный запас детей (витамины, фрукты, овощи, лимон, апельсин, сок).	Математика негіздері Тақырыбы: «3 цифрымен таныстыру. Цифрды заттың санымен салыстыру. «Кеше», «бүгін», «ертең». Жыл мезгілдері (күз).» Мақсаты: 3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде таныстыру; 3 санын өзге цифрлардың арасынан табу; «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыруға үйрету; балалардың жыл мезгілдері (күз) туралы білімін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Құсхананы мекендеушілер» Мақсаты: Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Үйдің суретін саламыз» Мақсаты: Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру. Бояу түсін таңдай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу Музыка Тақырыбы: «Құстар дауысы» Мақсаты: Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Өнді мәнгерлеп айтқызу. Музыка тыңдау, ән үйрену, дидактикалық ойын, би: «Шөжелерім» Музыка Тақырыбы: «Құстар дауысы» Мақсаты: Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Өнді мәнгерлеп айтқызу. Музыка тыңдау, ән үйрену, дидактикалық ойын, би: «Шөжелерім» Жапсыру Тақырыбы: «Қонжыққа арналған пирамида» Мақсаты: а) Ойыншық қонжыққа пирамида құрастырып жапсыруды үйрету; ә) Пішіндерді таңдай білу дағдыларын дамыту; б) Ұжыммен жұмыс істей білуге тәрбиелу.	

2 апта	Үй құстары	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бастаушыны ауыстырып жүру және секіру» Мақсаты: 1. Бір орында тұрып секіруге жаттықтыру. 2. Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету. 3. Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді қайталау. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Еңбектеу мен доға немесе білге таяқтың (рейка) астынан өту» Мақсаты: 1.Еңбектеу мен доғаның астынан өтуді кезектестіріп орындауды үйрету; бір орында тұрып ұзындыққа секіруді жетілдіру. 2. Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету. 3. Көлденең тұрған нысанаға затты лақтырып жаттықтырып жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көлденең тұрған нысанаға лақтыру» Мақсаты: 1.Оң және сол қолмен көлденең қойылған нысанаға лақтыруға жаттықтыру. 2.Көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту, нысанаға тигізуге үйрету. 3. Бір бірлеп тізбекте жүру білігін және жүгіру дағдысын бекіту; бір орыннан ұзындыққа секіруді жетілдіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қонжық бізде қонақта (ойын-сахналау). Мақсаты:Балаларды шағын тақпақтарды жатқа оқуға, кейіпкерлер бейнесін сомдауға көркем оқу әдіс-тәсілдерін қолдануға, дауыс ырғағына, дыбыстау көркемдігіне көңіл аударуға үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ізеттілікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Отбасындағы сыйластық». Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Отбасында үлкенге - құрмет, кішіге – қамқорлық жасауға баулу. Инабаттылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «1, 2, 3 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Биік – аласа. Баланың зейінін дамыту.» Мақсаты:3 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау; цифрды заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру; 1, 2, 3 цифрларын дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыру; өзіне таныс заттарды биіктігіне (биік – аласа) қарай салыстырып, оларды сол белгілері арқылы салыстыру қабілетін дамыту; бір-біріне ұқсас екі затты салыстыру арқылы баланың зейінін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы және үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарлары және Қазақстан аумағында мекендейтін жабайы жануарлар туралы, үй жануарларына күтім көрсету ерекшеліктері, жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Тіршілік иелеріне ізгі қарым-қатынасты тәрбиелеу Құрастыру Тақырыбы:«Құстарға арналған жемсауыт» Мақсаты: Балаларды құстарға қамқорлауға тәрбиелеу, оларға арналған әртүрлі жемсауыттарды бірлесе отырып жасауға үйрету, достыққа, адмгершілікке тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Күз бейнесі.» Мақсаты:Балаларды табиғатты бейнелеу жанрымен таныстыру, балалардың күзгі табиғаттан өздері бақылағандарын суретте бейнелеп көрсете білу дағдыларын қалыптастыру, суретке мазмұн бере білуге және жіңішке қылқаламмен бүтін және жартылай сопақшадан тұратын бейне салуға, жағу, басу арқылы жалпақ, жуан із қалдыруға, көлденеңнен жағыс әдісін пайдалануға үйрету. Отанды, табиғатты қорғауға тәрбиелеу Музыка Тақырыбы: «Сүйікті жануарым» Мақсаты: Музыкадағы бейнелерді танып,ажыратып,әр жануарға тән қимылды бейнелей білуге үйрету. Ән ырғақтарын еркін орындауға талпындыру. Музыка тыңдау,ән орындау, әуенді қимыл- қозғалыс, би билеу, дидактикалық ойын: «Қандай дауыс?» Мүсіндеу Тақырыбы: «Әдемі торғай» Мақсаты: а) Әдемі кесені мүсіндей білуге үйрету ; ә) Сөздік қорын, тілін , қол қимылының белсенділігін, ептілігін дамыту; б) Тазалыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Құстар – біздің досымыз Мақсаты: құстарды мекеніне қарай ажырата білуге үйрету. Міндеттері: - үй, дала құстары, қыстап қалатын және жыл құстары туралы білімдерін кеңейту. Оларды ажыратып, атай білуге үйрету; - табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелері туралы білім, біліктерін дамыту; -құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу
--------	------------	---	--	---	--	---

3-апта	Дала құстары	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бір орынан ұзындыққа секіру» Мақсаты: 1. Бір орынан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. 2. Тепе теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту. 3. Еңбектеуге және арқан немесе гимнастикалық қабырғада өрмелеуге үйрету; гимнастикалық орындық үстінде жүруді бекіту Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүру» Мақсаты: 1. Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүруге үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету; балалардың бір біріне көңіл аударуына, ынтамақтаста ойнауына көңіл бөлу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жатып орындайтын жаттығулар» Мақсаты: 1. Жатып. орындайтын жаттығулармен таныстыру. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. 3метрден 10 дейін қайталамалы (челночный) жүгіруге жаттықтыру; іші толтырылғын допты аттап жүруге жаттықтыру;	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жаз, күз» (сурет бойынша әңгіме құрастыру) Мақсаты: Балаларды хабарлы сөйлемді қолдана отырып, сурет мазмұнына қарай әңгіме құрауға үйрету. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беруге деген білігін дамыту, саусақ моторикасын дамыту. Өз еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, елін, жерін сүюге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Атасының ақылы». Мақсаты: Әңгімені тыңдай білуге үйрету, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлуге баулу. Қазақтың мақал-мәтелдеріндегі ұлағатты сөздерді меңгерту. Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Моя семья» Цел: Формировать представление о мире семьи, как о людях живущих вместе (папа, мама, бабушка, дедушка, брат, сестра). Способствовать развитию доброжелательности, терпимости, понимания, взаимопомощи в семейной жизни. Уметь составлять короткие предложения о родителях. Дидактическая игра: «Какую работу выполняет каждый член семьи?»	Математика негіздері Тақырыбы: «Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. 3-4 сандарын салыстыру. Кең – тар. Тіктөртбұрыш (өзге фигуралардың арасынан табу).» Мақсаты: Математикалық жұмбақтарды шешу дағдыларын арттыру; заттың санын цифрмен сәйкестендіруді жалғастыру; екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу; заттар тобының тең немесе тең еместігін анықтау; өзіне таныс заттарды еніне қарай салыстыру (кең, тар); тіктөртбұрыш туралы білімін пысықтау, оны өзге геометриялық фигуралардың ішінен табу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жануарлар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Орман жануарларының тіршілік ету қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жабайы жануарлардың қысқа дайындықтарымен танысу. Жабайы жануарлардың кейбір түрінің табиғат жағдайларында тіршілік етуі туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым, дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Білімге құштарлық, жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Тәрелкені әшекейлеу» Мақсаты: Балаларды белгілі бір тұтынатын бұйымдардың пішініне сәйкес ою-өрнектермен тәрелкені әшекейлей білуге үйрету, қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалануды, нүкте арқылы ою жасауды, әсемділікті қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Сүйікті жануарым» Мақсаты: Музыкадағы бейнелерді танып, ажыратып, әр жануарға тән қимылды бейнелей білуге үйрету. Өн ырғақтарын еркін орындауға талпындыру. Музыка тыңдау, ән орындау, әуенді қимыл- қозғалыс, би билеу, дидактикалық ойын: «Қандай дауыс?» Музыка Тақырыбы: «Әуенді сандықша» Мақсаты: Музыкаға қызығушылығын арттыру, түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажыратуға баулу. Жапсыру Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: а) Өртүрлі өлшемдегі дөңгелектер қиып бауырсақты жапсыруды үйрету; ә) Қолдарының икемділіктерін дамыту; б) Түстерді дұрыс тандай білуге тәрбиелеу	
--------	--------------	---	--	---	--	--

4-апта	Қыстап қалатын құстар	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Еңбектеу және өрмелеу» Мақсаты: 1. Гимнастиалық таяқшамен орындалатын жаттығулардың жаңа түрлерін меңгерту. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Балаларды еңбектеуге және өрмелеуге үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Орындықпен орындалатын жаттығулар» Мақсаты: 1. Орындықпен орындалатын жаттығу түрлерін үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Демді 5 сек. Ұстап тұруға үйрету; бір қатар тізбекпен жүріп отырып, білте таяқшалары (через рейки) арқылы аттап өтуге үйрету; допты қабырғаға лақтырып, кері ыршыған допты ұстап алуға үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тепе теңдік сақтау жаттығулар» Мақсаты: 1. Тепе теңдік сақтап жүруге жаттықтыру. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Кішкентай шығыршықпен орындалатын жаттығуларды үйрету; гимнастикалық қабырмамен өрмелеуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Айлакер түлкі» орыс халық ертегісін сахналау Мақсаты: Сахналау қойылымына атсалысуға ықылас білдіруді, сөйлеу мәнерінің көркемдік әдіс-тәсілдерін (дауыс ырғағы, ымдау, қимыл-қозғалыс, дауыс күдіреттілігі, интонация) қолдануды дамыту. Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?». Мақсаты: Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі, үлгі бойынша санау, аралас сандарды салыстыру, заттардың теңдігін анықтау. Заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндау. Шеңбер, сопақша.» Мақсаты: Өзгеше орналасқан (шеңбер, шаршы ішінде) заттар тобын теңестіруді үйрету; заттарды үлгі бойынша санауға үйрету; әртүрлі арақашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтау; заттың орналасқан орнын анықтау. Жаратылыстану Тақырыбы: «Төрт түлік» Мақсаты: Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасау, олардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Жануарларға қамқор көзқарас, өзгелерге көмектесуге әзірлік, туған өлкенің табиғатына сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету. Құстар туралы білімдерін дамыту; саусақ икемділіктерін арттыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Қандай заттың пішіні шаршыға ұқсайды?» Мақсаты: Шаршы пішіндес заттардың суретін салуды үйрету, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшері, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Жан-жақтылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Әуенді сандықша» Мақсаты: Музыкаға қызығушылығын арттыру, түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажыратуға баулу. Аспапта ойнау, ән үйрену, ойын ойнау, би билеу, әуенді-дидактикалық ойын: «Ырғағын ажырат» Мүсіндеу Тақырыбы: «Балық» Мақсаты: а) Ермексаздан балық бейнесін мүсіндеуді үйрету; ә) Көркемдік талғамдарын, қиялдарын, ойлау қабілеттерін, саусақ қимылдарын дамыту; б) Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Көлік түрлері. Жолда жүру ережесін сақтайық» Мақсаты: Мақсаты: көлік түрлері, жол бөліктері (жаяужол, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту), бағдаршам белгілерімен таныстыру, жолда жүру ережелері туралы білімдерін естеріне түсіру.
--------	-----------------------	---	--	---	---	---

Ересек топ 2021 жыл желтоқсан айы
Өтпелі тақырып «Жайнай бер, Қазақстаным!»

Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Міндеттері:

1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта	Елін сүйген-Елбасы	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көлденең керілген жіптің немесе таяқтың астынан өту» Мақсаты: . Балаларды бір заттың астынан өтуге үйрету. 2. Мәнерлігін дамыту. 3. Икемділіктерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс келді» (далада өтеді) Мақсаты: 1.Далада орындалатын жаттығу түрлерін үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3.Керіліп тартылған жіптердің астынан өтуге жаттықтыру; екі қолмен допты лақтырып, ұстап алуға үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс келді» (далада өтеді) Мақсаты: 1.Далада орындалатын жаттығу түрлерін үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3.Керіліп тартылған жіптердің астынан өтуге жаттықтыру; екі қолмен допты лақтырып, ұстап алуға үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ц» және «ч» дыбыстары. Сөйлеудегі дыбыстау мәдениеті. Мақсаты:Балаларға «Ц» және «ч» дыбыстарын дұрыс дыбыстап айтуды үйрету. Тыныс ала дыбыстауды, дауыс күші мен екпінін өзгерте білуді, ақырын не қатты, баяу не тез сөйлеуді дамыту, дыбыстық қабылдауды дамыту. Көпшілік орындарда өздерін ұстай білу мәдениетін қалыптастыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қазақстан – Республикам менің». Мақсаты:Қазақстан Республикасы туралы әңгімелеу. Балалардың ой-өрісін дамыту. Еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Орыс тілі Тема: «Наша Родина-Казахстан. Мой родной город». Цель: Формировать у детей первоначальные представления о родном городе и Родине –Республике Казахстан. Учитъ называть на русском языке символы Казахстана, узнавать и называть достопримечательности родного города и столицы; Развивать слуховое и зрительное внимания, словесно-логическое мышление, тонкую ручную моторику; Воспитывать уважение к госсимволам, любовь к родному городу, основы казахстанского патриотизма. Дид-я игра:«Нарисуй свой край»	Математика негіздері Тақырыбы: «4 цифрымен танысу. Үлкен, кіші, кішкентай. Баланың зейінін дамыту.» Мақсаты: 4 цифрын 4 санының таңбасы ретінде таныстыру; 4 цифрының сандық қатардағы орнын анықтау; 4 цифрын өзге цифрлар арасынан табу; «үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай салыстыруды үйрету; баланың зейінін дамытуға ықпал ету; балаларды көлемі әртүрлі заттардан құралған топтардың саны жағынан тең немесе тең еместігін ажырата білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері» Мақсаты: Бөлме өсімдіктерінің түрлерін ажырату және атай білуге үйрету. Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын, заттарды салыстыра білу дағдыларын дамыту. Балалар ұжымында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Ақша қар» Мақсаты:Қардың жауып тұрған бейнесін бере білу; бұлттардың суретін салу үшін суық түстерді тандап алу; қардың ерекшеліктері жайында түсініктерін қалыптастыру, суретке көркемдік элементтерді кіргізе білуді үйрету, әсемдікке тәрбиелеу Музыка Тақырыбы: «Менің Отаным» Мақсаты:Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелесу. Музыка Тақырыбы: «Менің Отаным» Мақсаты:Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелесу. Жапсыру Тақырыбы: «Табақты әшекейлейміз» Мақсаты:а) Оюлармен таныстыру, түстер туралы түсінік беру; ә) Қолмен майда жұмыс жасауды үйрету; б) Әсемділікке, әдемілікке тәрбиелеу.	

2 апта	Менің Қазақстаным	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Далада шанамен сырғанау» Мақсаты: 1. Таза ауада ойналатын қысқы ойындармен таныстыру 2. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Шанамен сырғанауға жаттықтыру; қарды жұмарлап лақтыруға жаттықтыру; жүгіруді жүрумен алмастыруға үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шаңғымен таныстыру» Мақсаты: 1. Балаларды шаңғымен тетуді үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Жүгіруді жүрумен алмастыруға үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Далада таяксыз шаңғымен сырғанау» Мақсаты: 1. Орында тұрып, қкшемен бұрылуды үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Сырғанай адымдаумен таныстыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Әйгерім дастарқанды әзірлеп жатыр» Мақсаты: Өз тәжірибесіне сүйене отырып, әңгімелеуге үйрету. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту. Бір-біріне жақсылық тілеуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің сүйікті қалам, ауылым және ел ордасы Астана». Мақсаты: Балаларға қала, ауыл және ел ордасы Астана туралы түсінік беру. Балалардың ой-өрісін дамыту. Елін, жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «1, 2, 3, 4 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Солға, оңға.» Мақсаты: 4 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау; 1, 2, 3, 4 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру; үшбұрыш, тіктөртбұрыш сияқты геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау; айналадағы заттардың арасынан геометриялық фигуралар пішіндес заттарды таба білуге үйрету; өзіне қатысты тұрғыда заттың орналасуын (солға, оңға) анықтау және сөзбен баяндау. Жаратылыстану Тақырыбы: «Өсімдіктерге қалай күтім жасау қажет?» Мақсаты: Балаларды жанды табиғат бұрышындағы өсімдіктерді күтуге қатыстыру. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Еңбексүйгіштікті және тірі табиғат нысандарына қамқор көзқарасты тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Бәйтерек» монументі (қағаздан құрастыру жұптық жұмыс) Мақсаты: бәйтерек ғимаратын қатты қағаздарды дұрыс қолдана отырып құрастыруды үйрету; туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу; қағаз бөлшектерін бір-біріне желімдеу, бұрыштарымен жақтарын бүктеу, беттестіру іскерліктерін дамыту. Дид-к ойын: «Айырмашылығын тап»	Сурет салу Тақырыбы: «Торсықты әшекейлейміз.» Мақсаты: Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыру, заттардың пішіні, олардың құрылымы, өрнек элементтерінің орналасуына көңіл бөлуді үйрету, сурет салудың дәстүрден тыс әдістері: дымқыл және құрғақ қылқаламмен сурет салу әдісімен таныстыру. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Қыс өрнегі» Мақсаты: Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, есте сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. Мүсіндеу Тақырыбы: «Тауық балапанымен» Мақсаты: а) Тауық пен балапанды мүсіндеу арқылы сюжетті мүсіндеуге үйрету; ә) Белсенділігін, шығармашылығын дамыту; б) Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Қазақстан-менің Отаным!» Мақсаты: Отанымыз-Қазақстан Республикасы жайлы білімдерін кеңейту. Еліміздің нышандарымен, тарихымен таныстыру. Міндеттері: -Қазақстан Республикасы туралы білімдерін кеңейту ; - Туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік пен оның тарихына қызығушылық таныту; -Қазақстан мәдениетіне құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.
--------	-------------------	---	--	--	---	---

3-апта	Менің туған өлкем	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шаңғыны таяғымен жинап, шаңғыны тасу» Мақсаты: 1. Шаңғыны таяғымен біріктіріп, қолтықтарына қысып, оқу іс әрекет өтетін жерге тасуды. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту 3. Таяқтың ілмектерінің атқаратын қызметімен таныстыру; таяқпен серпіліп сырғанап адымдаумен таныстыру; Дене шынықтыру Тақырыбы: «Беткейге (биікке) сатылап көтерілу және түсу» Мақсаты: 1. Таяқпен сырғанауды бірнеше рет қайталау. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Беткейге сатылып көтерілу және беткейден түсу жолымен таныстыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Беткейге (биікке) сатылап көтерілу және түсу» Мақсаты: 1. Таяқпен сырғанауды бірнеше рет қайталау. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Беткейге сатылып көтерілу және беткейден түсу жолымен таныстыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қонақтарды күтеміз» Мақсаты: Заттарды топтастыра суреттеуге үйрету, (ыдыстар: асүйлік, асханалық). Сөздік қорды жаңа сөздермен байыту, олардың атқару қызметін ұғындыру. Қонақжайлылыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қыс». Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсінік беру. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту. Өлеңді жатқа айта білу арқылы көркем әдебиетке қызықтыру. Орыс тілі Тема: «Зима» Цель: Составление словосочетаний, предложений из 2-3 слов. Учить называть новые слова и фразы по теме «Зима». Внимательно слушать текст рассказа и отвечать на вопросы по его содержанию, упражнять в подборе прилагательных к слову «Зима». Дид-я игра: «Зимой»	Математика негіздері Тақырыбы: «1, 2, 3, 4 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Үлгі бойынша санау, аралас сандарды салыстыру. Алыс, жақын.» Мақсаты: Үлгі бойынша және аталған сан бойынша санауды үйрету; сандар арасындағы байланысты түсінуге үйрету (3-4); сандары бар жұмбақтарды шешуді үйрету; цифрды заттың санымен сәйкестендіре білу; кеңістікте бағдарлау түсініктерін қалыптастыру (жақын – алыс); геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Терезе алдындағы Бақша» Мақсаты: Өсімдіктерді бөлме жағдайында өсіру туралы түсініктерін жүйелеу. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Бақылау үдерісінде экологиялық ой-пайымдауларын тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Біздің әсем шыршамыз» Мақсаты: Жаңа жылдық шыршаның бейнесін сала білуге үйрету, шыршаның бұтақтары мен оның тікендерін көлбеу сызықпен үзіліссіз сызып салуға жаттықтыру, қосымша өз бетінше шыршаға ойыншықтар салдыру, бейнені қабылдауын дамыту, түстермен ырақты сезіне білуге үйрету. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Қыс өрнегі» Мақсаты: Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. Музыка Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында» Мақсаты: Шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу. Аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету. Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Жапсыру Тақырыбы: «Шыршаны шарлармен безендіреміз» Мақсаты: а) Өртүрлі өлшемдегі дөңгелектер киіп шыршаны шарлармен безендіруді үйрету; ә) Қолдарының икемділіктерін дамыту; б) Түстерді дұрыс тандай білуге тәрбиелеу.	
--------	-------------------	--	--	--	---	--

4-апта	Қош келдің, Жана Жыл!	Дене шынықтыру Тақырыбы: «200-300 метр қашықтыққа сырғанау» Мақсаты: 1. Таякпен адымдап сырғанауды қайталау; бір қатар сапқа тұруға жаттықтыру. 2. Ойын ережелерін білу және нақты орындауға дағдыландыру. 3. Секіруге жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шаңғымен нық адымдап жүру» Мақсаты: 1. Бір қатар сапқа тұруға үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Шаңғымен нық адымдап жүруді үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шаңғымен нық адымдап жүру» Мақсаты: 1. Бір қатар сапқа тұруға үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Шаңғымен нық адымдап жүруді үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Екі сараң қонжық» венгр халық ертегісін сахналау Мақсаты: Ертегі желісін өз сөзімен жеткізу біліктілігін жетілдіру. Бауырмалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды таныс әдеби шығармаларды сахналауға атсалысуға ұмтылдыру, ондағы кейіпкерлер бейнесін еркін түрде көркем шеберлікпен сомдай білу білігін дамыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қолғап». Мақсаты: Олең мазмұнын түсіне отырып жаттауға үйрету. Балалардың ой-өрісін кеңейту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. Жоғарыда, төменде, сол жақта, оң жақта. Шаршы, тіктөртбұрыш. Жыл мезгілдері (қыс, көктем, жаз, күз).» Мақсаты: Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету; кеңістіктік қарым-қатынастары туралы түсініктерін қалыптастыру (сол жақта, оң жақта, үстінде, алдында, ортасында); геометриялық фигуралар туралы білімін бекіту; жыл мезгілдері (қыс, көктем, жаз, күз) туралы өткенді пысықтау. Жаратылыстану Тақырыбы: «Біздің өлкеге қыс келді» Мақсаты: Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын дамыту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Туған өлкенің табиғатымен қарым-қатынаста адамгершілік-эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Достық үйі» (Құрылыс материалдарынан) Мақсаты: Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру. Үстел-үсті ойыны: «Біздің өлкедегі үйлер»	Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түсті үшбұрыштар». Мақсаты: Үшбұрышты заттарды ажырата білуді үйрету, кеңістікті, түстерді сезіне білуді, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында» Мақсаты: Шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу. Аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету. Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Мүсіндеу Тақырыбы: «Шырша әні» Мақсаты: а) Мүсіндеудің созу, тегістеу сылау сияқты техникалық әдістерін қолдануға, ермексазды дұрыс қолдануға үйрету; ә) Белсенділігін, шығармашылығын дамыту; б) Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Заттар әлемі» (ойыншықтар, ыдыстар) Мақсаты: қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым тәжірибелер мен зерттеу жүргізу, қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнату.
--------	-----------------------	--	---	---	---	---

Ересек топ 2022 жыл қаңтар айы
Өтпелі тақырып «Қыс қызығы»

Мақсаты: қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.

Міндеттері:

1. Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшейту, қимылдық дағдыларын жетілдіру;
2. Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
3. Қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;
4. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
5. Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта	Алғашқы қар	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шаңғымен сырғанап адымдауды үйрету» Мақсаты: 1. Оңға және солға адыммен жүрумен таныстыру; сырғанап адымдауды қайталау. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Бір орында тұрып, аяқты ауыстырып басып бұрылуды қайтаалау. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Таза ауадағы қысқы ойындар» Мақсаты: 1. Таза ауада ойнатылатын қысқы ойындармен таныстыру. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Ойын ережесімен таныстыру және оларды орындауға жаттықтыру; Дене шынықтыру Тақырыбы: «Таза ауадағы қысқы ойындар» Мақсаты: 1. Таза ауада ойнатылатын қысқы ойындармен таныстыру. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Ойын ережесімен таныстыру және оларды орындауға жаттықтыру;	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Аяз атаны біз қалай қарсы алдық?» Мақсаты: Өз тәжірибесіне сүйене отырып, әңгімелеуге үйрету. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту. Бір-біріне жақсылық тілеуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жабайы аңдар» (сурет бойынша әңгімелеу). Мақсаты:Әңгіменің мазмұнын сурет бойынша әңгімелету. Жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту, олардың тіршілігін сипаттап, аттарын айтып, сөздік қорын байыту. Оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Части тела» Цель: Дети должны уметь определять свой пол. А также указывать и называть части тела. Уметь составлять короткие предложения. Дидактическая игра: «Куда, что одеть?»	Математика негіздері Тақырыбы: «5 цифрымен танысу. Сол жақта, ортасында, оң жақта» Мақсаты:5 саны және цифрымен таныстыру; нүктелерді қосу арқылы 5 цифрын салып үйрену; заттың орналасқан орнын сөзбен айтып үйрену (сол жақта, оң жақта, алдында, артында); жыл мезгілі туралы өткенді пысықтау (қыс). Жаратылыстану Тақырыбы: «Құстарға қыста қамқор бол» Мақсаты: Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауын, шығармашылық қиялын дамыту. «Қыстап қалатын құстарға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Көңілді аққалалар». Мақсаты:Аққала суретін салу үшін суық түстерді – көгілдір, қара көкті тандап алу қажеттілігін үйрету. Қылқаламды әртүрлі – қатты, ақырын басып, жуан, жіңішке із түсіру, дөңгелекті үзіліссіз салуға жаттықтыру, балалардың көзбен мөлшерлеуін, байқампаздығын дамыту. Жапсыру Тақырыбы: «Ақшақар» Мақсаты:а) Төртбұрыш қағаздардан ақшақар бейнесін қиып жапсыруды үйрету; ә) Қағаздарды дұрыс қия білу дағдыларын дамыту; б) әсемділікке, әдемілікке тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Қысқы әуен» Мақсаты:Түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, шығармашылыққа баулу, би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру. Музыка Тақырыбы:«Қысқы әуен» Мақсаты: Түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, шығармашылыққа баулу, би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру	

2 апта	Аққала	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Алға домалау» Мақсаты: 1. Алға домалауды үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Допты лақтыруды және қағып алуды бірнеше рет қайталау; орында тұрып биіктікке секіруге жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жүгіріп өту» Мақсаты: 1. Алға домалауды үйренуді қайталау. 2. Шапшандық пен ептіліктерін дамыту. 3. Жүгіріп өту мен ұзын секіртпемен, секіруді жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Акробатика» Мақсаты: 1. Балаларға дұрыс тыныс алу туралы әңгімелеу. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Таңертеңгі гимнастика кешенін орындау білігін тексеру; артқа және алға домалауды қайталау.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қыс қызығы» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құруға үйретуді жалғастыру, балаларды синоним сөздерді айта білуге жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Үй жануарлары». Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктерін, адам өміріне пайдасын, төрт түлік малға не жататынын, олардың төлдерін атап айтуға баулу. Төрт түлік малды күтіп-баптауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «5 цифры туралы өткенді бекіту, 4-5 сандарын салыстыру. Заттың пішінін геометриялық фигуралармен сәйкестендіру. Кеңістікте бағдарлау: «алдында», «үстінде», «астында», «артында».» Мақсаты: 5 көлеміндегі заттарды санау қабілетін нығайту; цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; бір-бірінен әртүрлі арақашықтықта орналасқан заттар тобын теңестіруді үйрету; айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды көре білуге үйрету; «алдында», «үстінде», «астында», «артында» түсініктерін бекіту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Кішкентай достарымыз» Мақсаты: Адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларына күтім жасай білу дағдыларын; тәжірибе жұмыстарына қызығушылықтарын, нысандарды салыстыра білу шеберліктерін дамыту. «Жануарларға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру. Құрастыру Тақырыбы: «Шырша» Мақсаты: Фетрдан шыршаны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Бөліктерді біріктіру үшін желімдерді пайдалану. Үстел-үсті ойыны: «Шыршаны орналастыр»	Сурет салу Тақырыбы: «Қысқы көрініс» Мақсаты: Көрініс, көкжиек, кеңістік туралы түсініктерін бекіту, суретке байланысты жағымды көңіл күй туындату, мазмұнын нақты жасауды, қылқаламның толық ұшымен, жеңіл сүйкей жағу тәсілімен оңнан солға қарай бояуға дағдыландыру. Сурет салуда қылқаламмен жұмыс жүргізудің әдіс-тәсіліне көңіл бөлу, жыл мезгілінің ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Сиқырлы ормандағы құртақандар» Мақсаты: Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: а) Қалдық материалды пайдалана отырып аққала жасауға үйрету; ә) Есте сақтау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту, саусақ моторикасы арқылы жұмыс істеу қабілеттерін дамыту; б) Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Гүлдене бер, менің Қазақстаным» Мақсаты: Қазақстан Республикасында тұратын түрлі ұлт өкілдері, Қазақстан әскері, халық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін қалыптастыру. Міндеттері: - Қазақстан Республикасында тұратын түрлі ұлт өкілдері, Қазақстан әскері туралы білім беру; - халық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін кеңейту; - Қазақстан мәдениетіне құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.
--------	--------	---	---	---	--	--

3-апта	Алақай, қыс келді!	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Акробатика» Мақсаты: 1. Балаларға дұрыс тыныс алу туралы әңгімелеу. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Таңертеңгі гимнастика кешенін орындау білігін тексеру; артқа және алға домалауды қайталау. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қысқа секіртпемен секіру» Мақсаты: 1. Дене сымбатының дұрыс түзілуіне арналған жаттығуларын қайталау. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Қысқа секіртпе арқылы секірулерді қайталау; алға домалауды қайталау Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қысқа секіртпемен секіру» Мақсаты: 1. Дене сымбатының дұрыс түзілуіне арналған жаттығуларын қайталау. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшандық, ептілікті дамыту. 3. Қысқа секіртпе арқылы секірулерді қайталау; алға домалауды қайталау	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ұзын құлақ ақ қоян (кескін бойынша қоян жайлы әңгіме құрастыру) Мақсаты: Үлгі бойынша бейнелік сипатты әңгіме құруға үйрету. Сөздің түрленуіне жаттықтыру. Балалардың тілдік қорын дамыту, байыту. Жан-жануарларды қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен ит» ертегісі. Мақсаты: Балаларға ертегіні тыңдата отырып, мазмұнын түсіндіру. Әңгімедегі жағымсыз кейіпкердің бейнесін саусақ театры арқылы көрсете отырып, қасқыр – жағымсыз, ит – жеті қазынаның бірі екенін айтып түсіндіріп, дүниетанымын кеңейту. Көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру. Орыс тілі Тема: «Одежда» Цели: Закрепление представлений об одежде, её назначении, деталей. Уточнение, расширение и активизация словаря по теме “Одежда» Развитие диалогической речи, зрительного внимания и восприятия, памяти. Формирование навыков самообслуживания, опрятности, аккуратности, самостоятельности.	Математика негіздері Тақырыбы: «Саңырауқұлақтарды жинау. 5 ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Жоғарғы оң жақ бұрышы, төменгі оң жақ бұрышы, жоғарғы сол жақ бұрышы, төменгі сол жақ бұрышы, ортасы.» Мақсаты: 5 саны көлемінде реттік санау, сандық және реттік санауды айыра білу (есептік және реттік санау), «қанша?» «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беру; қағаз бетінде бағдарлауға үйрету; заттардың арасынан геометриялық фигураларды таба білуге үйрету; 5 затты ұзындығына қарай сәйкестендіру, заттарды ұзындығының кемуіне және өсуіне қарай бір қатарға орналастыру Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі» Мақсаты: Жабайы жануарлардың сыртқы түрі мен тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Жанды табиғатқа қызығушылықтарын, бастамаларын, жауапкершіліктерін қалыптастыру. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Құрдастарының жауаптарын тыңдай білуге және жануарларға қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Атамның тақиясы» Мақсаты: Қазақтың ұлттық баскиімі – тақияны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту, ою-өрнектегі түс үйлесімділігі мен ырғақты сезінуге, әсемділікті көріп, қабылдай білуге тәрбиелеу Музыка Тақырыбы: «Сиқырлы ормандағы құртақандар» Мақсаты: Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу. Музыка Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты: Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Пойыз» Мақсаты: а) Пішіндерді сызық бойымен түзу қиюға үйрету; ә) саусақ икемділіктерін дамыту; б) еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	
--------	--------------------	---	--	---	---	--

4-апта	Қысқы ойындар	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жүру» Мақсаты: 1. Жүрудің түрлерін меңгерту. 2. Өмірлік маңызы бар жүру дағдылары мен біліктрін дамыту. 3. Қимыл қозғалыс үйлесімдігін қалыптастыру Дене шынықтыру Тақырыбы: «Еңбектеп жүру» Мақсаты: 1. Гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету. 2. . Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Допты бастан асыра екі қолмен лақтыру; еңбектеуге жаттықтыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бір орында тұрып ұзындыққа секіру». Мақсаты: 1. Тұрған орынан ұзындыққа секіруге үйрету. 2. Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту және қимыл қозғалыстардың үйлесімділігін қалыптастыру. 3. Допты бастан асыра екі қолмен лақтыру дағдысын бекіту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Әңгімеле...» Мақсаты: Балаларды екі ойыншық жайлы шағын әңгімелерді бейнелеп айта білуге, жай және күрделі сөйлемді қолдану арқылы өз ойларын дұрыс жинақтап, қысқаша әңгіме құруға үйретуді жалғастыру. Балалардың тіл байлығын дамыту. Балаларды отбасын сыйлауға, достыққа, туған жерін, елін, Отанын сүюге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Екі әтеш» ертегісі. Мақсаты: Ертегіні тыңдай білу. Өз түсінігін жүйелі айта білуге баулу. Көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыру.	Математика негіздері Тақырыбы: «Реттік санау, санның заттардың кеңістікте орналасуына қатысы жоқтығы туралы білімдерін бекіту. Таныс заттарды геометриялық фигуралармен салыстыру.» Мақсаты: Реттік санауды үйрету, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету; математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету; санның заттардың кеңістікте орналасуына қатысы жоқтығын түсіну; заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету; заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды табу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер» Мақсаты: Жанды табиғат бұрышын мекендеушілердің тіршілігін бақылай білуді, оларға қамқорлық көрсетуді үйрету. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, ой-тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаға ізгі көзқарасты тәрбиелеу Құрастыру Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Балаларды қалдық материалдан бұйым жасауға баулу. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану. Дид-қ ойын: «Аққала соғамыз» (жинаймыз)	Сурет салу Тақырыбы: «Теңіздегі кит» Мақсаты: Бояуды дұрыс таңдауға, суық және жылы түстерді ажырата білуге, ұқыпты жұмыс істеуге үйрету. Қылқаламды дұрыс ұстау дағдысын меңгерту. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты:Музыканы тындап, ырғақты сезінуге баулу. Өнді мәнгерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Тәрелкесімен саптаяқ» Мақсаты:а) Игерген әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып тәрелке мен саптаяғын мүсіндей білуге үйрету; ә) Шығармашылық белсенділігін артыру, қол, саусақ икемділігін дамыту; б) Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Жолда жүру ережесін сақтайық» Мақсаты: бағдаршам және жолда жүру ережелері туралы түсініктерін одан әрі кеңейту. Жаяу жүргіншілер жолы, жол жиегіндегі жол (тротуар), жол қиылысы, медициналық көмек пункті белгілерімен таныстыру. Көлік ішінде басқаларға кедергі жасамай тәртіп сақтауға тәрбиелеу.
--------	---------------	--	---	---	--	---

Ересек топ 2022 жыл ақпан айы
Өтпелі тақырып «Жануарлар әлемі»

Мақсаты: Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу Ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

Міндеттері:

1. Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшейту, қимылдық дағдыларын жетілдіру;
2. Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
3. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
4. Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
1 апта	Аңдардың қысқы тіршілігі	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бір орында тұрып ұзындыққа секіру». Мақсаты: 1. Тұрған орынан ұзындыққа секіруге үйрету. 2. Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту және қимыл қозғалыстардың үйлесімділігін қалыптастыру. 3. Допты бастан асыра екі қолмен лақтыру дағдысын бекіту. Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты домалату Мақсаты: 1. Допты бір біріне домалатуға үйрету. 2. Белгіге қарай жылдам жауап беру дағдасын қалыптастыру. 3. Допты екі қолмен асыра лақтыру арқылы қимыл - қозғалыс үйлесімін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты домалату Мақсаты: 1. Допты бір біріне домалатуға үйрету. 2. Белгіге қарай жылдам жауап беру дағдасын қалыптастыру. 3. Допты екі қолмен асыра лақтыру арқылы қимыл - қозғалыс үйлесімін дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: « Менің сүйікті үй жануарларым» Мақсаты: Жұмбақты шешу арқылы, балаларды өз тәжірибесінен әңгіме құруға, сөйлеу барысында сын есімдер мен етістіктерді (жануарға сипаттама беру арқылы, кайда өмір сүретіні, немен қоректенетіні) қолдана білуге үйретуді жалғастыру. Сұрақ-жауап арқылы жануарлардың түрлерін білуге, төлдерінің қалай аталуын, еркелету арқылы қалай атайтынын үйрету. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну білігін дамыту. Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу, жаңашырлық сезімдерін ояту Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ақылды лақ». Мақсаты:Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту. Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Продукты питания». Цель: Формировать навыки диалогической речи, развивать связную речь через составление описательного рассказа, классификация продуктов питания, уточнение представления о продуктах питания и их значения для здоровья человека. Ввести в активную речь детей слова: чай, молоко, вода, хлеб, сахар, мясо, суп, каша, котлета, конфета, мороженое, пирог.	Математика негіздері Тақырыбы: «Сан заттың көлеміне бағынбайды. Санның заттардың шамасына тәуелсіздігі. Реттік санау. «Кең», «тарлау», «тар», «ең тар» ұғымдары.» Мақсаты:Заттарды санымен сәйкестендіру; санның заттың көлеміне бағынбайтынын түсіндіру; 5 саны көлемінде санау қабілетін арттыру, сандық және реттік санауды бір-бірінен ажырату, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беру; заттардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба отырып, ені бойынша салыстыру және сол белгілері арқылы біріктіру; оқиғаның ізбе-ізділігін (тәулік бөліктері) анықтауға арналған логикалық тапсырмаларды орындау жолдарын үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жануарларға күтімді қалай жасау қажет?» Мақсаты: Балаларды жанды табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасауға қатыстыру. Қолынан келгенше еңбек ету дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту. Құрдастарының жауаптарын тыңдай білуге және жануарларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Шана» Мақсаты: Үлгі бойынша заттық сурет салуда, шанының суретін салуда балалардың сызықтарды үйлестіре отырып бейнелеу дағдыларын қалыптастыру; түзу сызықтар сыза білуге, іскерлікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы:Қуыршақ театры: «Ақтөс пен Марғау» Мақсаты:Музыканы тыңдауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу. Дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету. Музыка Тақырыбы:Қуыршақ театры: «Ақтөс пен Марғау» Мақсаты:Музыканы тыңдауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу. Дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету. Жапсыру Тақырыбы:«Аквариумдағы балықтар» Мақсаты: а) Балықтарды геометриялық пішіндерден қиып жапсыруды үйрету; ә) қайшымен жұмыс істеу іскерліктерін дамыту; б) балықтарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	

2 апта	Ұйықтайтын андар	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қайталамалы жүгіру» Мақсаты: 1. Қайталамалы жүгіруге жаттықтыру. 2. Қимыл – қозғалыстар үйлесімін дамыту. 3. Гимнастикалық орындық үстімен жүруге жаттықтыру арқылы тепе-теңдік сақтай білу дағдыларын бекіту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жұптасып орындалатын жаттығулар» Мақсаты: 1. Тепе теңдікті дамыту. 2. Жұптасып жұмыс істеуге үйрету. 3. Қимыл қозғалыс үйлесімдігін қалыптастыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бунамамен (жгутпен) орындалатын жаттығулар» Мақсаты: 1. Бунамамен орындалатын жаттығуларды үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Гимнастикалық қабырғада өрмелеуге жаттықтыру; допты домалату барысында бағытты ұстану	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ертегіні тауып айт» Мақсаты: Сұраққа жауап беруде, ертегі жолдарын қолдану арқылы, толық сөйлеммен айта білуге үйретуді жалғастыру. Ертегіні қайталап айта білу біліктілігін дамыту. Бір-бірін алдамауға және достыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Әтеш пен тоты» ертегісі. Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіндіру. Өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Үлгі бойынша санау. 1, 2, 3, 4, 5 цифрлары туралы өткенді пысықтау, цифрды санмен салыстыру. «Алдымен», «кейін» ұғымдары. Шар, текше.» Мақсаты: Үлгі бойынша санауды және сонша зат шығаруды үйрету; екі топтағы заттарды салыстырып үйрену; цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; «алдымен», «кейін» ұғымдарын айыра білуге, оларды дұрыс қолдануға үйрету; шеңбер, сопақша, тіктөртбұрыш, шаршы сынды геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау; шар, текше сынды геометриялық денелермен таныстыру; оқулықтағы тапсырманы түсініп, оны өз бетінше орындау қабілетін қалыптастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аквариумдағы балықтар» Мақсаты: Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Табиғатқа, тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Жануарларларға қора жасаймыз» Мақсаты: Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып шығармашылық қиялдау дағдыларын қалыптастыру. Дид.ойын: «Мекенін тап»	Сурет салу Тақырыбы: «Қысқы табиғаттағы шыршалар» Мақсаты: Қырау жапқан әртүрлі ағаштардың суретін салуға үйрету, аралас техникамен жұмыс істеуге баулу, түрлі бейнелеу құралдарымен жұмыс істеу. Алыс және жақын орналасқан шыршалардың бейнесін салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Ғажайыптар әлемі» Мақсаты: Жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалуды қолдану. Музыка тыңдау ережелерін сақтау. Әуенді ырғақты қимыл: «Қарлармен билейміз» «Холодное сердце» мультфильмінен әуен. Музыка тыңдау: «Табиғат дыбыстары» Э.Григ Ән айту: «Аққала» Б.Жұмабекова Ойын ойнау: «Желді қуып жет» Қимылды ойын Мүсіндеу Тақырыбы: «Әдемі табак» Мақсаты: а) Әдемі табакты мүсіндей білуге үйрету; ә) Сөздік қорын, тілін, қол қимылының белсенділігін, ептілігін дамыту; б) Тазалыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Ғажайып жануарлар әлемі» Мақсаты: жануарлардың қоректенуі, тіршілігі туралы түсіндіру. Жануарлар әлеміне танымдық қызығушылығын, тілектестік, қамқорлық сезімін ояту.
--------	------------------	--	---	--	--	--

3-апта	Үй жануарлары	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бунамамен (жгутпен) орындалатын жаттығулар» Мақсаты: 1. Бунамамен орындалатын жаттығуларды үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Гимнастикалық қабырғада өрмелеуге жаттықтыру; допты домалату барысында бағытты ұстану Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тігінен тұрған нысанаға лактыру» Мақсаты: 1. Тігінен тұрған нысанаға оң және сол қолмен лактыруды жетілдіру. 2. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеуге үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тігінен тұрған нысанаға лактыру» Мақсаты: 1. Тігінен тұрған нысанаға оң және сол қолмен лактыруды жетілдіру. 2. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Үй жануарлары» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балалардың үй жануарлары мен олардың төлдерін білдіретін сөздерді қолдана отырып, жануарлар туралы айту білігін бекіту. Сөйлеу барысында жануарлар мен олардың төлдерінің атауын білдіретін зат есімдердің жекеше және көпше түрлерін (үйрек-үйректер-үйректің балапаны; түйе-түйелер-бота-боталар) қолдана білу іскерлігін дамыту және оларды топтарға қарай жіктелуін ұғындыруды жалғастыру. Жануарларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Айна» халық ертегісі. Мақсаты:Ертегінің мазмұнын түсіндіру. Сөйлеуге, әңгімелей білуге үйрету. Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Посуда» Цель:Формировать умений и навыки согласовывать прилагательные существительными в роде и числе (большая чашка, маленькие тарелки и т.д.).Создание условий для понимания вопросов «какой?» Выработка умений понимать предложение с вопросительным словом «где?». Развитие умения понимать и использовать в речи обобщающие слова.	Математика негіздері Тақырыбы: «Сандар қатары туралы білімін бекіту. Заттың саны мен цифр арасындағы сәйкестікті табу. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш туралы өткенді пысықтау.» Мақсаты:Реттік санауды жалғастыру, сандық және реттік санауды ажырата алу, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беру; цифрды сандық карточкамен және заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш сияқты геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жануарлардың тіршілік етуі үшін не қажет?» Мақсаты: Жануарлардың барлығы тіршілік иесі болып табылатыны, оларды да барлық тіршілік иелері секілді өсіп-өнуі үшін белгілі бір жағдайлар қажет екені туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Жанды табиғатқа сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Әжемнің қамзолы» Мақсаты:Балаларды қазақтың ұлттық киімі – қамзолмен таныстыру және оны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру және көркемдік талғамын дамыту. Балаларды өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру, оның суретін салу жолдарын меңгерту, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Ғажайыптар әлемі» Мақсаты: Жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалуды қолдану. Музыка тыңдау ережелерін сақтау. Әуенді ырғақты қимыл: «Қарлармен билейміз» «Холодное сердце» мультфильмінен әуен. Музыка тыңдау: «Табиғат дыбыстары» Э.Григ Ән айту: «Аққала» Б.Жұмабекова Ойын ойнау: «Желді қуып жет» Қимылды ойын Музыка Тақырыбы: «Музыкалық ойыншықтар» Мақсаты: Домбыра қағуда ырғақты сақтау. Музыка тыңдау: «Электронды киіз үйден музыка тыңдаймыз» (Жетекшінің таңдауымен) Ән айту: «Қалсын апам қуанып» А.Еспенбетова Ойын ойнау: «Электронды домбыра аспабында ойнаймыз» Жапырыу Тақырыбы: «Ұшақтар самғайды» Мақсаты:а) Шаршы қағаздардан қажетті пішінді кию арқылы ұшақты жапсыруды үйрету; ә) қағазбен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; б) бір-бірін сыйлай білуге тәрбиелеу.	
--------	---------------	---	---	--	---	--

4-апта	Теңіздер мен мұхиттар	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру» Мақсаты: 1. Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. 2. Балаларды достық қарым – қатынас жасауға үйрету. 3. Еңбектеп жүру және білте тақтайшаның астынан өту дағдыларын қалыптастыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Еңбектеу» Мақсаты: 1. Гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектей алу дағдыларын үйрету. 2. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдық, ептілікті дамыту. 3. Тепе теңдікті сақтауды жетілдіру және допты домалату дағдысын бекіту Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кедергілер» Мақсаты: 1. Жоғарыға қарай өрмелеуге жаттықтыру. 2. Қол мен аяқтардың қимыл-қозғалысын үйлесімді ету. 3. Түрлі кедергілер арқылы жаттығулар орындау дағдыларын дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: Сызба нұсқасы бойынша бейнелі әңгіме құрастыра білуге, жасалуы бірдей заттарды топтастыруға, сөйлеу барысында ағаштан, шыныдан, пластмассадан деген сөздерді қолдана алуға үйретуді жалғастыру. Зат есімнің көпше түріне ілік септігінің жалғауларын жалғай (ойыншықтардың, шұлықтардың, қолғаптардың, боталардың, конжықтардың) білуге үйрету. Балалардың сөздік қорларын байыту. Балаларды бірлікке тарту және ойыншықты ұқыпты қолдануға тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көктем өрнегі». Мақсаты:Көктем мезгілі туралы балаларға түсінік беру. Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыра отырып, дүниетанымын кеңейту. Табиғатты сүюге тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: «Цифр мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Сол жақта, оң жақта. Жыл мезгілі – көктем.» Мақсаты:Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттың орналасу ретіне қарай сөзбен баяндау қабілетін арттыру; жыл мезгілдерін (көктем, жаз, күз, қыс) айыра білу және атап көрсету қабілетін нығайту. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қазақстанның Қызыл кітабы» Мақсаты: Табиғаттың өсімдіктер мен жануарлар әлемінің баға жетпес құндылық екені туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауларын, шығармашылық қиялын дамыту. ҰОҚ барысында эстетикалық тәрбие беру, табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы:«Көліктер құрастыру» Мақсаты:көлік түрлерін білу, оны құрастыра алу. Үшбұрыш, дөңгелек, төртбұрыштарды пайдалана отырып, көз алдарына елестету арқылы поезді құрастыру. Ойын: «Ұшты - ұшты».	Сурет салу Тақырыбы: «Сүйікті ойыншығым» Мақсаты:Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, белгілі бір бейне жасауда түстердің үйлесімділігін және заттардың суретін салуда ұсақ бөлшектері ғана емес, олардың сипаты мен сапасына сәйкес ерекшеліктерін бере білуге жаттықтыру, өз таңдауымен сурет салуға тапсырма беру. Ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Музыкалық ойыншықтар» Мақсаты: Домбыра қағуда ырғақты сақтау. Музыка тыңдау: «Электронды киіз үйден музыка тыңдаймыз» (Жетекшінің таңдауымен) Ән айту: «Қалсын апам қуанып» А.Еспенбетова Ойын ойнау: «Электронды домбыра аспабында ойнаймыз» Мүсіндеу Тақырыбы: «Түрлі-түсті пирамида» Мақсаты:Екі алақанның ортасында домалату, басу, созу тәсілдері арқылы пирамида жасап үйрету; Қол моторикасын дамыту;	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Ас атасы – нан» Мақсаты: Мақсаты: балаларға нанның дастарқанға үлкен еңбекпен келетінін түсіндіру. Ауылшаруашылық ындағы ересектер еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру. Міндеттері: -ауылшаруашылық еңбеккерлерінің (диқан) еңбегінің мәнін түсіндіру. Қала мен ауылдың байланысы туралы білім беру. - азық-түлікке, нанға обал, сауаппен, ұқыппен қарау дағдыларын қалыптастыру; - ауылшаруашылық еңбеккерлерінің еңбегіне құрметпен, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

Ересек топ 2022 жыл наурыз айы
Өтпелі тақырып «Өнер көзі-халықта»

Мақсаты: адамгершілік-патриоттық тәрбие беру, мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.

Міндеттері:

1. Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдай отырып, балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
2. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
3. Ересектердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
